

«Бекітемін»

Мектеп директоры

Карасев Б.К.

«29» 08 2024 ж

«Келісемін»

Директордың тәрбие ісі

жөніндегі орынбасары

Калиева Г.Ж.

«АҚШАТАУ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ
«БІРТУТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН» ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
«1» СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ АХАНОВА ЖАЗИРАНЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

2024-2025 оқу жылы

«БІРТУТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

- Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейрімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиел
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
елінің жетістіктері үшін мақтанш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**
әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.
- **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жанашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

• Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым тұлғаларының бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне тейімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

заңдар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әлеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық

ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауға көрген

немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының

құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол

жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

✓ **Құндылық: жасампаздық және жанашырлық**

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде

қорытынды жасай алу;

жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде

қолдана алу;

инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа

да технологиялық дағдыларды меңгеру;

жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;

өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Әр айдың іс-шаралары:

күнделікті

• «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

• «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымын оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

• «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

• «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.

• «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

1-сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары

Қыркүйек – енбеккорлық және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

I тоқсан

| № | Тәрбие күнделіктері бойынша іс-шара тақырыптары | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-----------------|-----------------|
| 1. | 1 қыркүйек -Білім күні. «Менің Отаным Қазақстан!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 1-САБАҚ; <i>І-сыныптар:</i> «Төтенше қызмет нөмірлері». | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 02.09.2024ж. |
| 2. | Жол қауіпсіздігі ЖЖЕ. №1 «Көше күтпеген оқиғаларға толы» / «Мен және менің отбасым» (<i>видеоролик жасау</i>) <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 2-САБАҚ; <i>І- сыныптар:</i> «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скрингтері» | Сынып сағаты Видеоролик | Сынып жетекшісі | 09.09.2024ж. |
| 3 | «Жол ережесін білейік...» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 3-САБАҚ <i>І- сыныптар:</i> «Есік қағылды. Қауіпті қалай тануға болады?» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 16.09.2024ж. |
| 4 | «Еңбектің наны тәтті...» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 4-САБАҚ <i>І-сыныптар:</i> «Ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану ережелері» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 23.09.2024ж. |

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық

1 қазан – Халықаралық қарттар күні
 5 қазан – Мұғалімдер күні
 24 қазан – Кітапханашылар күні
 25 қазан – Республика күні

| | | | |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|------------------------|---------------------|
| <p>5 «Қамқор» жобасы «Атам мен әжем қамқоршым!» <i>Қайтсiздiк сабағы (10 минут)</i> № 5-САБАҚ <i>1-сыныптар:</i> «Егер бейтаныс адам көшеде көмек сұраса не істеу керек?»</p> | <p>Сынып сағаты</p> | <p>Сынып жетекшісі</p> | <p>30.09.2024ж.</p> |
| <p>6 «Жаяу жүргіншілер өтселері» ЖЖЕ №2 / «Ұстаз-екінші анам» <i>Қайтсiздiк сабағы (10 минут)</i> № 6-САБАҚ <i>1- сыныптар:</i> «Дүкенге алғашқы рет жалғыз бару»</p> | <p>Сынып сағаты</p> | <p>Сынып жетекшісі</p> | <p>07.10.2024ж.</p> |
| <p>7 «Кітап-білім бұлағы» <i>Қайтсiздiк сабағы (10 минут)</i> № 7-САБАҚ <i>1- сыныпта:</i> «Біріктіруге болмайтын өнімдердің комбинациясы»</p> | <p>Сынып сағаты</p> | <p>Сынып жетекшісі</p> | <p>14.10.2024ж.</p> |
| <p>8 «Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Республикам – мақтанышым!» <i>Қайтсiздiк сабағы (10 минут)</i> №8-САБАҚ <i>1- сыныптар:</i> «Ата –аналармен құпия сөз»</p> | <p>Сыныптан тыс сағаты</p> | <p>Сынып жетекшісі</p> | <p>21.10.2024ж.</p> |

Қараша – әлділік және жауапкершілік айы

15 қараша – «Ұлттық валюта» тенге күні
 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

II тоқсан

| | | | |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|------------------------|---------------------|
| <p>9 «Адамгершілік – асыл қасиет!» <i>Қайтсiздiк сабағы (10 минут)</i> № 9-САБАҚ <i>1- сыныптар:</i> «Жасанды интеллекті мүмкіндіктері. Ата – аналардың дауыстарымен қонырау шалу»</p> | <p>Сынып сағаты</p> | <p>Сынып жетекшісі</p> | <p>04.11.2024ж.</p> |
| <p>10 «Ұлттық валюта-тенге» <i>Қайтсiздiк сабағы (10 минут)</i> № 10-САБАҚ <i>1-сыныптар:</i> «Су қоймаларындағы қауіптер</p> | <p>Сынып сағаты</p> | <p>Сынып жетекшісі</p> | <p>11.11.2024ж.</p> |

| | | | | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|-----------------|--------------|
| 11 | «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 11-САБАҚ I-сыныптар: «Төтенше қызмет нөмірлері». | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 18.11.2024ж. |
| 12 | «Салауатты өмір салтын ұстанамын» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 12-САБАҚ I- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қонырау шалу скриптері» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 25.11.2024ж. |
| Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы | | | | |
| 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні | | | | |
| 13 | «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 13-САБАҚ I- сыныптар: «Есік қағылды. Қауіпті қалай тануға болады?» | Сынып сағаты Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы | Сынып жетекшісі | 02.12.2024ж. |
| 14 | «Буллингтен қорған!» «Реттелегің, жол қиылыстары. Бағдаршам ЖЖЕ №3 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 14-САБАҚ I-сыныптар: «Ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану ережелері» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 09.12.2024ж. |
| 15 | «Тәуелсіздік – тұғырым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 15-САБАҚ I-сыныптар: «Егер бейтаныс адам көшеде көмек сұраса не істеу керек?» | Ашық тәрбие сағаты | Сынып жетекшісі | 16.12.2024ж. |
| 16 | «Мейірім-кең жүректе» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 16-САБАҚ I- сыныптар: «Дүкенге алғашқы рет жалғыз бару» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 23.12.2024ж. |

III тоқсан

Қаңтар – аң және тәртп айы

| | | | | |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|-----------------|--------------|
| I қаңтар – Жаңа жыл | | | | |
| 17 | «Мен адалдықты жақсы көремін!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 17-САБАҚ I- сыныпта: «Біріктіруге болмайтын өнімдердің комбинациясы» | Сынып сағаты (адалдық сағаты) | Сынып жетекшісі | 13.01.2025ж. |
| 18 | «Өз құқығыңды білесің бе?» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 18-САБАҚ I- сыныптар: «Ата –аналармен құпия сөз» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 20.01.2025ж. |
| 19 | «Мамандықтар әлемі...» № 19-САБАҚ I- сыныптар: «Жасанды интеллекті мүмкіндіктері. Ата – аналардың дауыстарымен қоңырау шалу» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 27.01.2025ж. |
| Ақпан – жасампаздық және жанашылдық | | | | |
| 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні | | | | |
| 20 | «4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Телефонсыз әлемде қауіпсіз қалам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 20-САБАҚ I-сыныптар :«Су қоймаларындағы қауіптер | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 03.02.2025ж. |
| 21 | «Білім-ен мықты қару» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 21-САБАҚ: I-сыныптар: «Төтенше қызмет нөмірлері». | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 10.02.2025ж. |
| 22 | «Ой мен ойын» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 22-САБАҚ I- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптітері» | Сыныптан тыс сағаты | Сынып жетекшісі | 17.02.2025ж. |
| 23 | «Жақсы мінез-сарқылмае байлық» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 23-САБАҚ I- сыныптар: «Есік қағылды, Қауіпті қалай тануға болады?» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 24.02.2025ж. |

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күні
 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі
 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

| | | | | |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|-----------------|--------------|
| 24 | «Алғыс – ізгі ниет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №24-САБАҚ I-сыныптар: «Ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану ережелері» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 03.03.2025ж. |
| 25 | «Ана- өмірдегі ұлы есім» «Автобустан немесе троллейбуспен сапарғашығу» ЖЖЕ №4 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 25-САБАҚ I-сыныптар: «Егер бейтаныс адам көшеде көмек сұраса не істеу керек?» | Ашық тәрбие сағаты | Сынып жетекшісі | 10.03.2025ж. |
| 26 | «Туған жерге саяхат» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 26-САБАҚ I- сыныптар: «Дүкенге алғашқы рет жалғыз бару» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 17.03.2025ж. |

IV тоқсан

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні
 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні
 12 сәуір – Ғылым күні
 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні
 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні
 23 сәуір – Ұлттық кітап күні

| | | | | |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|-----------------|--------------|
| 27 | «Кітап -сарқылмас бұлақ» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 27-САБАҚ I- сыныпта: «Біріктіруге болмайтын өнімдердің комбинациясы» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 01.04.2025ж. |
| 28 | 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні «Денсаулық- зор байлық» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 28-САБАҚ I- сыныптар: «Ата -аналармен құпия сөз» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 07.04.2025ж. |
| 29 | «Ғарыш әлеміне саяхат» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №29-САБАҚ I- сыныптар: «Жасанды интеллекті мүмкіндіктері. Ата – аналардың дауыстарымен қонырау шалу» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 14.04.2025ж. |

| | | | | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|-----------------|--------------|
| 30 | <p>«Мамандықтар әлемі.» Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды ЖЖЕ. №5 № 30-САБАҚ I-сыныптар: «Су қоймаларындағы қауіптер»</p> | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 21.04.2025ж. |
| 31 | <p>«Бейбітшілік-ел тілегі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 31-САБАҚ: I-сыныптар: «Төтенше қызмет нөмірлері».</p> | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 28.04.2025ж. |
| <p style="text-align: center;">Мамыр – бірлік және ынтымақ айы</p> <p>1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні</p> | | | | |
| 32 | <p>«Ерлер жерін қорғаны» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 32-САБАҚ I- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қонырау шалу скриптері»</p> | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 05.05.2025ж. |
| 33 | <p>«Отбасы -бақытым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 33-САБАҚ I- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қонырау шалу скриптері»</p> | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 12.05.2025ж. |
| 34 | <p>«Білімім – Отаным!» / «Қорытынды» ЖЖЕ. №6 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 34-САБАҚ I- сыныптар: «Есік қағылды. Қауіпті қалай тануға болады?»</p> | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 19.05.2025ж. |

Сынып жетекшісі:

Аханова Ж.К.